


**Гипербелсенді балаларды  
психологиялық –  
педагогикалық сүйемелдеудің  
мәні**

Гиперактивті баланы анықтау критерилері:

- 1 Қимылдары сабырсыз (саусақтарымен тықылдатады, биік жерге шығып кетеді, ерекше қимылдар жасайды)
- 2 Бір орында оның іші пысады
- 3 Үнемі қозғалыста жүреді
- 4 Көп сөйлейді
- 5 Ерте жастан аз ұйықтайды.

Сурет салу өнері мен мүсін жасату, спорттық жаттығуларға ден салу олардың бойындағы орасан зор күш-қуатты шығарып тұруға көмектеседі. Оның бойындағы мол күш-қуат қоры 13-15 жасқа дейін сейілмейді, сол аралықта ата-анасы баланы жақсыға бағыттаса жақсы азамат болып есейеді де, құлықсыз қараған жағдайда өмір жолы қиын адамдардың қатарын толтырады. Гипербелсенді бала алғыр және қиялы ұшқыр боп жетіледі.



«СДВГ» диагнозы қойылған балалар көбіне-көп үздік оқушы, IQ деңгейі де жоғары болып келеді. Және тағы бір ескерерлігі мұндай балаларға қызыл түсті киім кигізуге болмайды, бұл онсызда ұшып-қонып, байыз таппай жүрген баланы одан әрмен шабыттандырып, шаршауын туындатады. Бұл тұста баланың ойыншықтарына да назар аударған дұрыс, қолында ай балтасы бар үндісті, иығына мылтық ілген американдық кавбойды, жер шарын жарып жібермекке бекінген роботтарды ойыншық салынған қапшықтан шығарып, орынын көңілді де, мейірімді (тым құрыса Шрекпен) кейіпкерлермен толтырған жөн.



**Гипербелсенді балалармен  
жұмыс жүргізу жолдары.**



## **“Гиперактивті балаға қалай көмектесуге болады?”**

Гиперактивті балалардың жекеленген ерекшелігін еске ала отырып, олармен кешкілік емес, күннің бірінші жартысында жұмыс жасау керек, жұмыс жүктемесін азайтып, арасында үзіліс жасап отырған жөн. Мұндай балалармен жұмыс жасар кезде, тапсырманы жақсы орындағаны үшін мадақтаған жөн. Гиперактивті баланы әрбір 15 – 20 минут сайын мадақтап жетондар, жұлдызшалар беруіңізге болады.

Гиперактивті балаға нұсқау берерде ересектердің есінде болатын нәрсе оларға берілетін нұсқау қысқа да нұсқа (10 сөзден аспауы) болуы керек. Гиперактивті балалар ата – аналары мен тәрбиешілеріне манипуляция жасауға бейім. Мұндай жағдай болмауы үшін, ересектердің есінде болатын жағдай: кез келген жағдайда ол сабырлылық сақтаған жөн.

## “Гиперактивті баламен қалай ойнау керек?”

Ойынды (әсіресе көп қозғалысты) таңдауда, гиперактивті балалардың жекелік ерекшеліктерін есте ұстаған жөн: ұзақ уақыт топтық ережеге бағынуды үйрене алмаушылықтарын, тез шаршайтындықтары, нұсқауды соңына дейін тыңдамау және оны орындамау (кейбір детальдерінде назарды көбірек салу). Ойында олар өз кезегін ұзақ күте алмайды және басқалардың мүдделерімен санаспайды.

Сондықтан да, мұндай балаларды ұжымдық ойындарға этап этаппен мақсатты (целесообразно) қосқан дұрыс. Мұндай балалармен біріншіден жеке жұмысты ажет етеді.

Гиперактивті балалармен ұжымдық ойындар: “Тасбақа”, “Кішкентай аң” және т.б. Ойындарын ойнатуға болады.

## “Алтын балық” ойыны

**Мақсаты:** бұл қозғалысты ойын реакцияның тездігін дамытады, шыдамдылыққа, қимылдың координациясын дамыту.

**Шарты:** балалар шеңбер құрып, бір – біріне иықтарын, аяқтарын, мықындарын бірлестіре тығыз тұрады.

Бұл – тор, бала – алтын балық – шеңбердің ішінде тұрады. Оның міндеті – шеңберден қалай да болса шығу. Ал қалғандардың мақсаты – оны шеңберден шығармауға тырысу.

**Ескерту:** егер бала шеңберден ұзақ уақыт шыға алмайтындай болса, балалар оған көмектесулеріне болады.

## “Қоңыраумен көңілді ойын” (Е.К.Карнова, Е.К.Лютлова)

**Мақсаты:** оқу іс – әрекетінде балалардың есту түйсіктерін дамытуға арналған ойын.


**Шарты:** балалар шеңбер құрып отырады, топтың ұйғырымы бойынша, алып беруші тағайындалады, егер ешкім шыққысы келмесе, онда тренердің өзі болады, ал қоңырауды шеңбер бойынша жібереді. Ойынды жүргізуші көзін байлап, қоңыраулы адамды ұстап алу керек. Бір – біріне қоңырауды бере салуға болмайды.

## “Тасбақа” ойыны

**Мақсаты:** өз қимылын бақылауды үйрету.

**Шарты:** “Көз алдарыңызға елестетіңіздер, сіздердің барлығыңыз тасбақасыздар. Мен үлкен тасбақамын, ал сендер кішкентай тасбақаларсыздар. Мен сендерді өзімнің өзімнің туған күнімен шақырдым. Мен сендерді қонаққа күтіп отырмын. Бірақ та мерекелік торт әлі дайын емес

Менің бұйрғым бойынша сендер маған келулерін керек. Естерінде болсын! Сендер тасбақасындар, сендер мүмкіндіктерін келгенше ақырын жүріп келу керексіңдер. Сонда сендер келгенше торт та пісіп қалады.”





## **“Гиперактивті баланың ата – аналарымен қалай жұмыс жасау керек?”**

Гиперактивті баланың ата – аналары қоғамдық орындарда өз балаларының іс – әрекеттерінен қысылады, өздерін кінәлі сезінеді, кейбір жағдайларда не істерлерін білмей қысылады. Мұндай жағдайда баланың еш кінәсі жоқ

екендігін әдептілікпен айтып түсіндіріңіз. Сондықтан да, ересектердің көптеген секертулері, жиі тиым салулары (әсіресе қозғалыс белсенділігінде) мінез – қылығының

жақсаруына әкеліп соқтырмайды, бара – бара өзара әсерді күрделендіре түсіреді.

Гиперактивті бала басқалардай емес өте эмоционалды және тез ренжігіш болғандықтан ересектердің өзіне үнемі көңіл аударып отыруларын талап етеді. Осы эмоционалды ішкі қысымды азайту мақсатында, тактильді сезінулер, мысалы: сыйпау, массаж.

Тәрбиеші баланың ата – анасымен бірігіп, тиімді жұмыс жасау мақсатында олармен тығыз байланыста және сенімді қарым – қатынас жасауға тырысу керек. Әр кеш сайын, тәрбиеші ата – анаға, баланың тіпті кішкентай болсада жетістіктерін карточканы беріп, ал, ата – ана болса, қалауынша баланың осы жетістіктері үшін марапаттауы керек.

## **Ата – аналарға балалармен “Саусақ ойындары”**

Гиперактивті балалар ұшқалақ, олардың қолдары үнемі, кейде мақсатсыз қимылда жүреді, сондықтан да, балаларымен арнайы ойындар ойнауға болады.

### **Құм және сумен ойын**

Жалпы мамандар гиперактивті балаларға құм және сумен ойнау оларды тыныштандырады дейді. Бұл ойынмен көлдің жағасында ғана ойнау шарт емес. Оны үйде де ұйымдастыруға болады. Мұндай ойындар баланы тыныштандырады.





*Назарларыларыңызға  
рахмет!!!*